		<p>Коммуникативтік дағдылары дамиды: әңгімелесушіні тыңдайды, өз ойын жеткізе алады. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасап, өз пікірін айтуға үйренеді. Тапсырманы түсініп орындау, зейін қою және өздігінен әрекет ету дағдылары қалыптасады.</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p>

	<p>Балалар қоршаған ортаға өз көзқарасын еркін білдіреді, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдер мен көркем сөздерді қолданады.</p> <p>Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ) дұрыс айтады, артикуляциялық және тыныс алу дағдылары қалыптасады.</p> <p>Екіншілікке қатысты сөздерді (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, т.б.) дұрыс түсініп, сөйлеуде қолданады.</p> <p>Сөздерді жіктеу, тәуелдеу, септеу арқылы грамматикалық сөйлеу дағдылары қалыптасады.</p> <p>Сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, өз ойын жайылма сөйлеммен жеткізеді.</p> <p>Құрдастарымен еркін диалог құрып, өз тәжірибесіне сүйеніп әңгіме құрастырады.</p> <p>Сюжетті суреттер мен заттарды 5–6 сөйлеммен сипаттай алады.</p> <p>Сөздерді (зат есім, сын есім, сан есім) орынды қолданып, нақты және түсінікті сөйлеуге дағдыланады.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын.</p> <p>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>Сан және санау.</p> <p>Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p> <p>Шама.</p>

Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.

Геометриялық фигуралар.

Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.

Кеңістікті бағдарлау.

Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.

Уақытты бағдарлау.

Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.

Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.

Күтілетін нәтиже:

Балалар жиын ұғымын түсінеді, заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, дыбысы, қимылы) топтастыра алады.

Жиынды бөліктерге бөлу және қайта біріктіру дағдылары қалыптасады, бүтін мен бөлік арасындағы байланысты ажыратады.

«Бір» ұғымының мағынасын түсінеді, оны жеке затқа да, заттар тобына да қатысты қолдана алады.

10 көлеміндегі сандарды салыстырып, теңдік пен теңсіздікті қарапайым амалдар арқылы түсінеді.

		<p>Заттардың саны олардың көлеміне, орналасуына, арақашықтығына байланысты емес екенін ұғынады.</p> <p>Заттарды беттестіру, тұстастыру, жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана алады, артық Қағаз бетінде дұрыс бағдарлап, нүкте, өрнек, сызықтарды (тік, көлбеу, қисық) сала алады. Уақыт туралы бастапқы түсініктері қалыптасады (реттік байланыстарды түсінеді).</p> <p>Танымдық қызығушылығы, логикалық ойлауы, ұқыптылығы және өзіне сенімділігі дамиды.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; - дербестікке тәрбиелеу; - Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру; - табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; - экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау. <p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.</p> <p>Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары.</p>

Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Еңбекке баулу.

Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.

Өсімдіктер әлемі.

Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.

Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.

Жол қозғалысы ережелері.

Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).

Күтілетін нәтиже:

Балалар әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды меңгереді, қоғамдағы этикалық нормалар мен жалпы адами құндылықтарды түсінеді және сақтайды.

	<p>Дербестік пен жауапкершілік дағдылары қалыптасады, өз әрекетіне сенімділік артады. Отан, туған жер, оның тарихы мен мәдениеті туралы бастапқы түсініктері кеңейеді, елге құрмет сезімі қалыптасады.</p> <p>Еңбек түрлерін және мамандықтарды таниды, адамдар еңбегіне құрметпен қарайды. Табиғатқа танымдық қызығушылығы артады, тірі табиғатқа жанашырлық танытады, қарапайым экологиялық ережелерді сақтайды.</p> <p>Табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасай алады, еңбек дағдыларын орындайды.</p> <p>Өсімдіктер әлемі туралы білімдері кеңейеді (ағаш, бұта, гүл, шөп), табиғат аясын түсінеді. Табиғатты қорғау, сақтау қажеттігін түсінеді, қарапайым экологиялық жауапкершілік қалыптасады.</p> <p>Жол белгілерін танып, жолда қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</p> <p>Бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста сақтық танытады, жеке қауіпсіздік ережелерін орындайды.</p>
<p>Құрастыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар өнер шығармаларын эмоционалды қабылдайды, көркем туындыларға өз көзқарасын білдіре алады.</p>

		<p>Шығармашылық қабілеттері дамиды, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдайды.</p> <p>Жеке ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық әрекеттерде белсенділік пен дербестік танытады.</p> <p>Түрлі әрекеттер барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды және ұқыпты әрекет етеді.</p>
<p>Сурет салу</p>		<ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар өнер туындыларын эмоционалды қабылдап, сурет мазмұнына өз сезімін білдіреді. Шығармашылық қабілеттері дамып, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдайды. Өнер түрлері туралы бастапқы түсініктері қалыптасып, бейнелеу әрекеттеріне қызығушылық артады.</p> <p>Геометриялық пішіндерден тұратын заттарды бейнелей алады.</p>

		<p>Бояумен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады: қылқаламды дұрыс ұстайды, жуан және жіңішке сызықтарды сыза алады.</p> <p>Суретті бояуда бағытты сақтайды (солдан оңға, жоғарыдан төмен, қиғаш).</p> <p>Түрлі бейнелеу тәсілдерін қолданып, ұқыпты жұмыс жасау дағдылары дамиды.</p> <p>Түрлі әрекеттерде қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар өнер шығармаларын эмоционалды қабылдайды, мүсіндеу жұмыстарына қызығушылық танытады.</p> <p>Шығармашылық қабілеттері дамиды, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдайды.</p> <p>Ұлттық мәдениетке қызығушылығы артып, патриоттық тәрбие негіздері қалыптасады.</p> <p>Сюжеттік композицияны ертегі, әңгіме мазмұнына сәйкес құрастырады.</p> <p>Қосымша бөлшектер мен элементтерді қолданып, жұмысты көркемдеп аяқтай алады.</p>

		<p>Ұқыптылық, шығармашылық дербестік және қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдылары қалыптасады.</p>
	<p>Жапсыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар өнер шығармаларын эмоционалды қабылдап, жапсыру жұмыстарына қызығушылық танытады.</p> <p>Шығармашылық қабілеттері дамып, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдайды.</p> <p>Ұлттық мәдениетке қызығушылығы артып, патриоттық сезімі қалыптасады.</p> <p>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшемін, бөліктерінің пішінін және пропорциясын дұрыс бере алады.</p> <p>Әлеуметтік және күнделікті өмір оқиғаларын бейнелеу дағдылары дамиды.</p> <p>Шаблон, трафарет және дайын үлгілермен дұрыс жұмыс жасай алады.</p> <p>Композиция құрастыру ережелерін сақтап, бейнелерді үйлесімді орналастырады.</p> <p>Перспектива және кеңістік ұғымдарын қарапайым деңгейде қолдана бастайды.</p>

	Ұқыптылық пен қауіпсіздік ережелерін сақтайды.
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.</p> <p>Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер.</p>

Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Би шығармашылығы.

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

Күтілетін нәтиже:

Балалар өнер шығармаларын эмоционалды қабылдайды, музыка, сурет, мүсін, би арқылы көңіл-күйді, мазмұнды ажыратады және өз әсерін қарапайым түрде білдіреді.

Қазақ және әлемдік өнер түрлері туралы бастапқы түсініктері қалыптасады, ұлттық мәдени мұраға қызығушылығы артады.

Шығармашылық қабілеттері дамып, ән айту, би қимылдары, бейнелеу және

Таныс би қимылдарын пайдаланып, музыканың сипатына сәйкес қарапайым шығармашылық қозғалыстар ойлап табады.

Қазақтың музыкалық аспаптарының (домбыра, асатаяқ, сыбызғы және т.б.) дыбыстарын таниды және қарапайым деңгейде ойнауға қызығушылық танытады.

Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, түрлі шығармашылық және музыкалық әрекеттерге белсенді қатысады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p>

Жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу. Судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

Спорттық ойындар.
Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

Қимылды ойындар.
Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі.
Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.
Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.
Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.

Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

		<p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар сапқа тұру, сап түзеу, қайта сапқа тұру дағдыларын меңгереді, қатармен дұрыс орналасып, кеңістікте бағдарлана алады.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды дұрыс орындап, дене икемділігі, ептілігі және қозғалыс үйлесімділігі дамиды.</p> <p>Негізгі қимыл түрлері (жүру, жүгіру, секіру, еңбектеу, доппен әрекет) бойынша бастапқы спорттық дағдылар қалыптасады.</p> <p>Дене белсенділігін күнделікті өмірде қолдануға қызығушылық артады, жарыс элементтері бар ойындарға қатысады.</p> <p>Салауатты өмір салты туралы қарапайым түсініктер қалыптасады: дұрыс тамақтану, гигиена, күн тәртібін сақтау.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындайды, өзіне-өзі қызмет көрсету және еңбек әрекеттеріне қатысады.</p> <p>Шынықтыру шараларын түсініп, қарапайым түрде орындайды, денсаулықты күтуге дағдыланады.</p>
	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p> <p>Сөздік қор</p>

Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.

Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.

Байланыстырып сөйлеу

Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.

Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.

Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.

Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.

Күтілетін нәтиже:

Балалар ана тіліндегі дауысты және ұқсас айтылатын дауыссыз дыбыстарды (б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л) дұрыс әрі анық айтады.

Фонематикалық есту қабілеті дамып, сөздегі дыбыстардың орнын (басы, ортасы, соңы) ажырата алады.

Артикуляциялық жаттығуларды орындай отырып, сөйлеу аппаратының қимылы жетіледі, дыбыстарды нақты айтуға дағдыланады.

Сөйлеуде интонацияны дұрыс қолданады: дауыс ырғағын, екпінін, логикалық үзілістерді реттей алады.

Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолданып, сөздік қоры кеңейеді.

Сөздерді мағынасына сәйкес қолдана отырып, өз ойын нақты жеткізу қабілеті қалыптасады.

	Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажыратып, сөйлеуде дұрыс қолданады. Өңгімеде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға талпынады, сөздік бейнелілігі артады.
Көркем әдебиет	<p>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <p>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсінік алып, оларды түрлі әрекеттер барысында қолдана отырып, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытады. Сөз өнеріне қызығушылығы артып, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешу, айтыс элементтерін қолдануға дағдыланады.</p> <p>Сахналық қойылымдарға белсенді қатысып, рөлді таңдауда және сюжетті құрастыруда бастамашылық танытады.</p> <p>Белгілі образды сомдауда қиялын, эмоциясын және шығармашылық тәсілдерін еркін қолданады, рөлді түрлендіруге қабілеті қалыптасады.</p> <p>Құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеу, өзара келісу және ұжымдық шығармашылық әрекетке қатысу дағдылары дамиды.</p>
Сауат ашу негіздері	- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;

		<p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар сауат ашудың алғышарттарын меңгеріп, қол қимылдары арқылы жазуға дайындық дағдыларын дамытады.</p> <p>Қалам мен қарындашты дұрыс, еркін ұстап, қол саусақтарының ұсақ моторикасы жетіледі.</p> <p>Сызықтарды үзбей, біркелкі бағытта (жоғарыдан төменге, солдан оңға) жүргізе алады, көзбен бақылау дағдысы қалыптасады.</p> <p>Тәрбиешімен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасап, пікір алмасуға белсенді қатысады.</p> <p>Коммуникативтік дағдылары жетіліп, сөйлеу мәдениеті қалыптасады.</p>
Қазақ тілі		<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Сөздік қор.</p>

Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

Байланыстырып сөйлеу.

Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.

Күтілетін нәтиже:

Балалар қоршаған ортаға өз көзқарасын ауызекі сөйлеу арқылы еркін білдіреді, мақал-мәтелдер мен көркем сөздерді орынды қолдануға дағдыланады.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қалыптасып, қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ) дұрыс әрі анық айта алады.

Фонематикалық есту қабілеті дамып, сөздегі дыбыстардың орнын (басы, ортасы, соңы) ажыратады.

Тілдік және артикуляциялық жаттығулар арқылы дұрыс тыныс алу, анық дикция дағдылары қалыптасады.

Балалар еркін диалог құрып, өзара қарым-қатынас жасай алады.

Сурет, зат, ойыншықтар бойынша 5–6 сөйлеммен сипаттама бере алады.

Оқиғаның басталуы мен соңын ойдан құрастырып, байланыстырып әңгімелеу дағдылары дамиды.

Сөздерді (зат есім, сын есім, сан есім) дұрыс қолданып, сөйлеуі нақты әрі мазмұнды болады.

Математика негіздері

Жиын.

Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.

Сан және санау.

Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.

Шама.

Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.

Геометриялық фигуралар.

Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.

Кеңістікті бағдарлау.

Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.

Уақытты бағдарлау.

Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.

Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.

		<p>Күтілетін нәтиже: Балалар «жиын» ұғымын түсінеді, заттарды әртүрлі белгілері (түсі, пішіні, өлшемі, дыбысы, қолданылуы) бойынша топтастыра алады. Жиынды бөліктерге бөлу және қайта біріктіру арқылы бүтін мен бөлік арасындағы байланысты түсінеді. Заттарды салыстыруда беттестіру, тұстастыру, жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады. Пішіндерді таниды, қарапайым конструкциялар құрастырады және қағазды бөліктерге бөлу арқылы бүтін мен бөлікті ажыратады. Геометриялық фигураларды 8–10 бөліктен қарапайым пішіндер құрастыра алады. Кеңістікте бағдарлау дағдылары қалыптасып, заттардың орнын (сол, оң, жоғары, төмен) дұрыс анықтайды. Уақыт, кеңістік және сан ұғымдарына қызығушылығы артып, ойлау, назар аудару, шыдамдылық дағдылары дамиды.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Мемлекеттік мерекелердің Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.</p>

		<p>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар өз отбасы мүшелерін, туыстық байланыстарды (өз жұрты, нағашы жұрты, ата-әже, жақын туыстар) түсінеді және жеті атасы туралы бастапқы білімге ие болады. Мемлекеттік мерекелердің (Қазақстан халқының бірлігі күні, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні) мәнін түсінеді және оларға қызығушылық танытады. Өз Отанын сүю, оны қорғау туралы алғашқы түсінік қалыптасып, Қазақстан әскерінің маңызын ұғынады. Қазақстандық батырлар (Б. Момышұлы, Ә. Молдағұлова, М. Мәметова, Р. Қошқарбаев) туралы біледі және олардың ерлігін құрметтейді. Патриоттық сезімі оянып, елге деген мақтаныш сезімі қалыптасады.</p>
	<p>Құрастыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар өнер туындыларын эмоционалды қабылдайды, қоршаған ортаның әсемдігін сезіне біледі.</p>

		<p>Шығармашылық қабілеттері дамып, табиғи және қалдық материалдарды пайдаланып қарапайым бұйымдар мен құрылыстар жасай алады.</p> <p>Ұлттық мәдениетке қызығушылығы артып, патриоттық сезімі қалыптасады.</p> <p>Құрылыс және шығармашылық әрекеттер барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</p> <p>Дайын жұмыстарды пайдаланып, олармен ойын ұйымдастыра алады.</p>
	<p>Сурет салу</p>	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> <p>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар өнер шығармаларын эмоционалды қабылдайды, қоршаған орта мен өнерге эстетикалық көзқарасы қалыптасады.</p> <p>Сурет салу арқылы қарапайым сюжеттерді (әлеуметтік оқиғалар, мерекелер, адамдар еңбегі, ертегілер, өлеңдер мен әндер желісі) бейнелей алады.</p> <p>Қазақ халқының өмірі, тұрмысы мен еңбегін бейнелеуге қызығушылық танытып, ұлттық мазмұндағы шығармашылық жұмыс орындайды.</p>

		<p>Қазақ ертегілері желісі бойынша сюжеттік суреттер сала алады. Шығармашылық қабілеті дамып, өз бетінше ойдан сурет салуға талпынады. Шығармашылық әрекеттер кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру; - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; - балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. <p>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Балалар өнер туындыларын эмоционалды қабылдайды, қоршаған ортаға эстетикалық көзқарасы қалыптасады. Шығармашылық қабілеттері дамып, ойдан мүсіндеу әрекеттерін орындай алады. Түрлі материалдардан қарапайым мүсіндер жасап, оларды ойын барысында қолдануға қызығушылық танытады. Жұмыс барысында ұқыптылық сақтап, құралдар мен материалдарды дұрыс пайдаланады. Қауіпсіздік ережелерін сақтай біледі және еңбек мәдениетінің қарапайым дағдыларын меңгереді.</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;</p>

	<p>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;</p> <p>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;</p> <p>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</p> <p>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;</p> <p>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Балалар өнер туындыларын эмоционалды қабылдайды, қоршаған ортаның әсемдігін сезініп, эстетикалық талғамы қалыптасады.</p> <p>Шығармашылық қабілеттері дамып, әртүрлі бейнелеу және құрастыру әрекеттерінде белсенділік танытады.</p> <p>Өнер түрлері туралы бастапқы түсініктері қалыптасып, өз ойын шығармашылықпен жеткізе алады.</p> <p>Жеке гигиена және еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтай біледі.</p> <p>Ұқыптылық, жауапкершілік және еңбек мәдениеті дағдылары қалыптасады.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p> <p>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p>

Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.

Ән айту.

Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар.

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.

Билер.

Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Би шығармашылығы.

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

Күтілетін нәтиже:

балалар музыкалық шығармалардың эмоционалды мазмұнын, сипатын, көңіл-күйі мен динамикалық ерекшеліктерін ажыратады;
тыңдалған шығармаға өз көзқарасын білдіріп, оның мазмұны мен сипаты туралы қарапайым түрде әңгімелейді;
әлемдік және қазақ музыка өнерінің үлгілерін таниды, музыканы өмір құбылыстарымен байланыстырады;
музыкалық жанрларды (ән, күй, марш, би) ажыратады және оларды тыңдау барысында таниды;
би қимылдарын еркін орындап, музыкалық фразаларға сәйкес қозғалысын өзгерте алады;
таныс би элементтерін пайдаланып, өз бетінше қарапайым би құрастырады;
музыкалық аспаптардың дыбысын таниды және қарапайым тәсілдермен ойнайды;
шығармашылық тапсырмаларды орындауда белсенділік пен дербестік танытады.